

2022 – 2023 оқу жылында психологиялық қызмет бойынша жүргізілген жұмыс есебі

Психологиялық қызметтің мақсаты: Білім беру ұйымдарында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік - психологиялық жағдай жасау және білім беру үрдісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Психологиялық жұмыс арнайы 5 бағыттың негізінде ұйымдастырылды:

I Диагностика

- ❖ Білім алушылардың психикалық дамуын анықтау мақсатында психологиялық диагностикалау;
- ❖ Білім алушылардың бейімделуі, дамуы мен әлеуметтену мақсатында кешенді психологиялық тексеру;
- ❖ Білім алушылардың қабілеттілігі, қызығушылығы мен икемділігін психологиялық диагностикалау;
- ❖ Психологиялық диагностиканың қорытындысы бойынша психологиялық тұжырымдар мен ұсыныстарды дайындау.

II Түзету-дамыту жұмыстары

- ❖ Жеке тұлғалық өсуге арналған тренингтер өткізу;
- ❖ Білім алушылар мен педагогтердің тұлғалық, интеллектуалдық эмоционалды-жігерлік, шығармашылық даму үйлесімділігі бойынша психологиялық түзету және дамыту сабақтарын ұйымдастыру;
- ❖ Жанжалдық тұлға-аралық қатынастарды түзетуді жоспарлау.

III Профилактика (алдын-алу) және психологиялық ағарту жұмыстары

- ❖ Білім алушылар мен педагогтердің өзін-өзі айқындауына, кәсіптік өсуіне ықпал ету;
- ❖ Білім алушылар бейімсіздігінің алдын-алу;
- ❖ Білім алушылардың бейәлеуметтік мінез-құлқының алдын-алу;
- ❖ Мұғалімдерді аттестаттауда әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеу;
- ❖ Әдістемелік бірлестіктер мен педагогикалық кеңестің жұмысына ықпал ету.

IV Кеңес беру

- ❖ Білім алушыларға, ата-аналар мен мұға-лімдерге олардың сұранысы бойынша кеңес беру;
- ❖ Білім алушыларға, ата-аналар мен мұғалімдерге жеке тұлғалық, кәсіптік өзін –өзі айқындау проблемалары және қоршаған ортмен өзара қарым-қатынастар бойынша жеке және топпен кеңес жүргізу;
- ❖ Күйзелістік, жанжалдық, қатты эмоционалды күйзелістік жағдайда болып табылатын білім алушыларға психологиялық қолдау көрсету;
- ❖ Тұлғааралық және топаралық жанжалдарды шешуде делдалдық жұмыстарды ұйымдастыру;

V Әдістемелік-ұйымдастыру жұмыстар

- Педагог-психологтың және кең көлемде талап етілетін мамандардың кәсіптік құзіреттілігі, функционалды міндеттері шеңберінен шығатын проблемаларды шешу бойынша әлеуметтік-медициналық-психологиялық қызметтер туралы деректер банкін қалыптастыру;
- ❖ Аралас-мамандармен және шұғыл жағдайда көмек көрсету бойынша мүдделі органдармен өзара әрекет нәтижелерінің монито-рингін жүргізу.

2022-2023 оқу жылы барысында тіркелген оқушылар саны				
Суицид			Ерте жүктілік	Қылмыстық іс-әрекет
Өзіне-өзі қол салу ниеті	Өзіне-өзі қол салу әрекеті	Аяқталған суицид		
0	0	0	0	0

Жеке кеңес бойынша жалпылама көрсеткіш

Оқушы	Ата-ана	Мұғалім	Жалпы
107	28	38	173

- 2022 -2023 оқу жылында 1-сынып оқушылары психологиялық минимумнан өткізілді. Диагностикалық зерттеудің мақсаты оқушылардың таным процестерінің даму деңгейін, мектепке бейімделуін анықтау борлатын. Зерттеуде бірнеше функционалдық әдістер қолданылды, олар: «Белгі қой», «Кілемді немен жамау керек?», Элькониннің «Графикалық диктант» және «Ер адам бейнесі» про.әдістемесі жүргізілді.
- Бірінші сыныптардың оқушылары мектепке бейімделуіне байланысты сыныптарға сырттай және іштей бақылау әдісі жүргізілді, яғни сабақтарына қатысып, үзілістте бақыланып оқушылардың өзін-өзі ұстауын, қимыл-қозғалысын, мұғалімнің тапсырмаларын қандай деңгейде орындаушылығын, сыныптағы басқа оқушылармен қарым-қатынасқа түсуін, сөзік қорын, қиялының даму деңгейін және т.б таным процесстері зерттелді. Оқушылармен «Кұлак, мұрын», «Тауқырайдан», «Бұғанай», «Сыйқырлы таяк» ойындары жүргізілді.
- Ата-ана және сынып жетекшілерінің сұраныстары бойынша кейбір оқушылармен жекелей жұмыстар жүргізіліп, олардың мектеп ережесіне, сабақ тәртібіне бағынбау себептері, сабаққа деген үлгерім төмендігі анықталынып, дамыту-түзету мақсатында оқушымен жеке кеңес өткізіліп, бақылауға алынды. Жұмыс нәтижесіне сәйкес ата-ана мен пән жетекшілеріне тиісті ұсыныстар жасалынды. Нәтижесінде баланың жақсы жаққа өзгеруі байқалады. Жүргізілініп отырған жұмыстар жалғасын табуы қажет, қосымша жұмыстармен толықтырылсын.


Оқушылармен жүргізілген жұмыс түрлері: сырттай бақылау (сабақтарға қатысу), әңгімелесу, Керн-Йирасектің баланың мектепте оқуға психологиялық дайындығын анықтау әдістемесі, 1-сынып оқушыларының қоршаған ортаны танудағы ақыл-ой дамуының деңгейін анықтау диагностикасы, мектепте оқу қабілетін зерттеу диагностикасы. Балалардың сабағына 1 апта көлемінде қатысып олардың өздерін ұстаулары, ұзақ уақытта бір орында тыныш отыру дағдыларының қалыптасуы бағаланды. Достарымен қарым-қатынас орната алуы, мұғаліммен еркін пікірлесу деңгейі бағаланды. Сабаққа дайындығы, ұқыптылығы сараланды.

- 1 «а» сыныбы. 50% - мектепке оқу дайындығы жақсы, 20%- орташа, 20%- ортадан төмен, 10% - төмен
- 1 «ә» сыныбы. 63% - мектепке оқу дайындығы жақсы, 24%- орташа, 10%- ортадан төмен, 3% - төмен
- 1 «б» сыныбы: 68% - мектепке оқу дайындығы жақсы, 26%- орташа, 4%- ортадан төмен, 2% - төмен
- 1 «в» сыныбы: 46% - мектепке оқу дайындығы жақсы, 32%- орташа, 13%- ортадан төмен, 9% - төмен

Жалпы сыныптар бойынша арнайы білім беруді қажет ететін оқушы, мектепке бейімделу дағдысы қалыптаспаған 6 оқушы жеке қадағалауға бекітілді.

- Керн-Йирасектің баланың мектепте оқуға психологиялық дайындығын анықтау әдістемесі бойынша нәтижелері

- 1 «а» сыныбы. 3 тапсырмалық диагностика нәтижесі бойынша сыныптың көрсеткіш деңгейі:



- 1 «ә» сыныбы. 3 тапсырмалық диагностика нәтижесі бойынша сыныптың көрсеткіш деңгейі:



- 1 «б» сыныбы: 3 тапсырмалық диагностика нәтижесі бойынша сыныптың көрсеткіш деңгейі:



- 1 «в» сыныбы: 3 тапсырмалық диагностика нәтижесі бойынша сыныптың көрсеткіш деңгейі:



Жалпы 1-ші сыныптар бойынша жоғарғы дайындық деңгейі- 58,3%. Бұл оқушылар жазуға дағдыланған, кеңістікті ажыратуға үйренген, қайталауға, тез есте сақтауға бейім. Орташа деңгейде -32,8 %. Жылдамдықтары орташа, қабылдау және орындауында баяулық байқалады. Көшіріп жаза алады, кеңістікті бағдарлауға мүмкіндіктері жақсы. Төмен деңгейдегі оқушылар – 8,9%. Бұл оқушылар дағдылары толық қалыптасып үлгермеген. Тез шаршайды, қаламды

ұстау ептіліктері орташа, кеңістікте бағдарлану қалыптаспаған. Мүлдем үлгермейтін оқушылар анықталған жоқ.

- 2-4 сынып оқушыларының біліктілік деңгейін бағалау және олармен жүргізілетін түзету-дамыту шараларының мазмұнын анықтау мақсатында тесттер жинағы жүргізілді. Нәтижесінде орта және төмен деңгей көрсеткен оқушылар анықталып, сынып жетекшісіне таныстырылды. Жеке оқушылармен жекелей жұмыстар жүргізілді. Ата-аналар жиналысында тест қорытындысымен таныстырылып, ата-аналардан «Сіз қандай ата-анасыз?» сауалнамасы алынды. Оқушылардың ойлау процесінің даму деңгейін анықтау және олардың интеллектуалдық қабілетін дамыту мақсатында А.З.Зак ұсынған «Оқушылардың ойлау қабілетінің даму деңгейін анықтау», «7-сөз, 7-сан», «түстік бейне» әдістемесі және психологиялық бақылау әдісі жүргізілді. Нәтижесі бойынша жоғары, орта, төмен деңгей көрсеткен оқушылар анықталып, сынып жетекшілеріне нұсқау, кеңес берілді. Ата-ана және сынып жетекшілерінің сұраныстары бойынша кейбір оқушылармен жекелей жұмыстар жүргізіліп, олардың мектеп ережесіне, сабақ тәртібіне бағынбау себептері, сынып арасындағы басқа оқушылармен тіл табыса алмау, қорқыныш сезімдерін, сабаққа деген үлгерім төмендігі анықталынып, дамыту-түзету мақсатында оқушымен жеке кеңес өткізіліп, бақылауға алынды. Сонымен қатар түзету, және алдын-алу мақсатында рөлдік сюжеттік нұсқада ертегілер ойнатылып қорқыныш сезімдері бар оқушылардың қорқыныш сезімінің туу себептері нақтыланып, оқушыға қолдау көрсетіліп, түзету жұмыстары жүргізілді. Жұмыс нәтижесіне сәйкес ата-ана мен пән жетекшілеріне тиісті ұсыныстар жасалынды. Жұмыс нәтижесі байқалды.

Оқушылардың мектептегі мотивациялық деңгейін анықтау, қызығушылық деңгейлерін бақылау мақсатында алынған жұмыс нәтижесі. Оқушылар 5 сұраққа "иә", "жоқ", "кейде" нұсқалары арқылы жауап берді. Жауап нәтижелеріне сәйкес баланың оқуға, мектепке тапынысы "жоғары", "орташа", "төмен", "өте төмен" деген класстарға бөлінді. Нәтижесін нақтылау мақсатында қажет деп табылған оқушылармен жеке кеңес өткізілді. Сынып жетекшілеріне ақпараттандыру жұмыстары жүргізілді. Ата-анасын шақырту қажет деп табылған оқушы анықталған жоқ. Оқушылардың қысқы демалыстан кейінгі белсенділіктері жалпы көрсеткіш есепте ортадан жоғары. "Өте төмен" деңгейіне жататын оқушылар анықталған жоқ. Сабаққа деген қызығушылық деңгейлері бойынша жалпы есепте "жоғары" көрсеткіш көрсеткен оқушылар саны басым, "орташа" деңгейлі оқушылар біршама жоғары екені анықталды. "Төмен" деңгейіне жататын балаларға себебін анықтау мақсатында қосымша сұрақтар қойылды. Сұрақтар барысында оқушылардың қысқы демалыстан оралған кездегі қайта бейімделу жүріп жатқаны аңғарылды. Тоқсанның ортасына таман жүргізілсе жұмыс көрсеткіші өзгеруі мүмкін деген болжам жасалды.

Әр сыныптың көрсеткіш деңгейлері жеке тіркелінді.

Сыныптардың пайыздық көрсеткіштері

Сыныбы	жоғары	орташа	төмен	Өте төмен
4 "А"	39%	43%	18%	-

4 "Ә"	43%	36%	21%	-
4 "Б"	44%	47%	9%	-
4 "В"	54%	36%	10%	-
Жалпы	45%	41%	14%	0%

Оқушылар арасында буллинг және кибербуллинг мәселелерін алдын-алу бойынша психологтың жүргізген жұмыс есебі

№	Іс-шара атауы	Фото	Сілтемелер
1	Интернет желісіндегі қарым-қатынас формалары бойынша ұсыныстар мен ақпараттар (кибербуллинг) оқушылармен, ата-аналармен ақпараттандыру жұмыстары		
2	"Буллинг деген не? Оны болдырмаудың жолдары қандай?" оқушылар арасында сауалнама 8-10 сыныптар арасы		https://www.instagram.com/p/ClQpovhogym/?utm_source=ig_web_copy_link
3	"Өмірім өз қолымда, менің қолымнан келеді, буллингке қарсымын" т.да видео ролик ұйымдастыру 7-11 сыныптар бойынша		https://www.instagram.com/p/CotlfwLMfeb/
4	"Сенімен болашақ" ұйымынан ата-аналармен пікірлесу	 	

<p>5 Буллингтің біз білмейтін қырлары. Қылмыстық іс пен оның өтемі Жаман әдеттерге жол жоқ! 8-11 сынып оқушылары</p>		<p>https://www.instagram.com/p/CrN6DCOo3g7/</p>
<p>6 Балалар мен жасөспірімдердің буллинг пен кибербуллингтің алдын-алу іс-шарасы "Буллингке жол жоқ. Үнсіз қалма!" оқушылар, еріктілер жобасы бойынша: - сауалнама нәтижесіне анализ жасау -сыныптарды аралап буллингтің зардаптары жөнінде ақпараттандыру, еріктілер қатарына қосылуға шақыру; - үнсіз қалма! жаднамаларын тарату; - оқушылармен, ұстаздармен пікірлесу -т.б түсіндірме жұмыстарын жүргізу</p>		<p>https://www.instagram.com/reel/Cmgk3OVklrP/?utm_source=ig_web_copy_link</p> <p>https://www.instagram.com/p/ClnXZEBoDDD/?utm_source=ig_web_copy_link</p> <p>https://www.instagram.com/p/ClnXZEBoDDD/?utm_source=ig_web_copy_link</p>
<p>7 Психологиялық минут - сынып аралық ата-аналар жиналысында; - педагогикалық отырыстарда. "Буллингтің құрбандары кімдер болуы мүмкін!", "Жәбірленуші кім, жәбір</p>		<p>https://www.instagram.com/p/CqVFuOrrNDa/</p> <p>https://www.instagram.com/p/CnwD-u4MWqa/</p>

	көрсетуші кім? Үшінші тараптарға кімдер жатады?".		
8	Тақырыптық тренингтер - Берік қарым-қатынас, - Бақыт. Достық. Сенім - Мен және менің достарым - Егерде мен		https://www.instagram.com/p/ClnYzCjl43I/?utm_source=ig_web_copy_link